

Май аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы "Май аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" №1/29 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 4/32 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 маусымда № 5987 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 33-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" № 13 бұйрығына сәйкес, Май аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы "Май аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5929 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 сәуірде электронды түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) №1/29 шешімінің орыс тіліндегі қосымшасына келесі өзгеріс енгізілсін:

25 тармағында "вышестоящим" сөзі "непосредственным" сөзіне ауыстырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Май аудандық мәслихаты аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихатының хатшысы

А. А. Жетыбаева

Ғ. Т. Арынов